

## **10. Көлік құралын басқаруға рұқсат алу туралы анықтама беру**

"Көлік қуралдарын басқару құқығын алуға үміткер адамды медициналық қарап-тексеруден, механикалық көлік құралдары жүргізушісін қайта медициналық қарап-тексеруден өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-172/2020 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 30 қазанда № 21557 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
міндеттерін атқаруышы  
2020 жылғы 30 қазаны  
№ ҚР ДСМ-172/2020 бұйрығына  
қосымша

Көлік құралдарын басқару құқығын алуға үміткер адамды медициналық қарап-тексеруден, механикалық көлік құралдары жүргізушісін қайта медициналық қарап тексеруден өткізу қағидаларын бекіту туралы

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы көлік құралдарын басқару құқығын алуға үміткер адамдарды медициналық қарап тексеруден, механикалық көлік құралдары жүргізушісін қайта медициналық қарап тексеруден өткізу қағидалары (бұдан әрі - қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 7-бабының 73) тармақшасына, "Жол жүрісі туралы" Қазақстан Республикасы Занының 12-бабының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Занының 10-бабының 1-тармағына сәйкес;

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 18.10.2022 № ҚР ДСМ-117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Осы Қағидалар көлік құралдарын басқару құқығын алуға үміткер адамды медициналық қарап-тексеруден (бұдан әрі - медициналық қарап-тексеру), механикалық көлік құралдары жүргізушісін қайта медициналық қарап-тексеруден өткізу (бұдан әрі - жүргізушіні қайта медициналық қарап тексеруден өткізу) тәртібін айқындайды.

3. Үміткерді медициналық қарап-тексеру және жүргізушіге қайта медициналық қарап-тексеру (бұдан әрі - Үміткерлер) кесілтік жарамдылық сараптамасын жүргізу жөніндегі медициналық қызметті жузеге асыруға лицензиясы бар медициналық денсаулық сақтау үйымдарында (бұдан әрі - медициналық үйымдар) өткізіледі.

2-тарау. Көлік құралдарын басқару құқығын алуға үміткерді медициналық қарап-тексеруден өткізу тәртібі

1-параграф. Медициналық қарап-тексеруден өткізу тәртібі

4. Үміткерді медициналық қарап-тексеруден өткізу үшін медициналық үйымдарда тұрақты жұмыс істейтін медициналық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылады.

5. Комиссия құрамын медициналық үйымның басшысы бекітеді. Комиссияның құрамына: участекелік дәрігер және (немесе) жалпы дәрігерлік практика дәрігері, психиатр, офтальмолог және отоларинголог енгізіледі. Медициналық комиссияның штатында көрсетілген мамандар болмаған кезде комиссияның құрамына медициналық үйымдар басшыларының келісімі бойынша тиисті бейіндегі мамандар енгізіледі.

Комиссияның тәрағасы болып медициналық үйым басшысының емдеу жұмысы жөніндегі орынбасары тағайындалады.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 07.12.2021 № ҚР ДСМ-125 (алғашкы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6. Үміткерлерді медициналық қарап-тексеру осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген терапевтің, психобелсенді заттарды пайдалану түрғысынан биологиялық ортаны зерттеуді қамтиды.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.05.2021 № ҚР ДСМ -38 (алғашкы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7. Үміткерлерді медициналық тексеру деректері Кодекстің 7-бабының 31) тармақшасына сәйкес бекітілетін нысан бойынша амбулаториялық пациенттің медициналық картасына енгізіледі, онда денсаулық жағдайы туралы деректер көрсетіледі.

8. Зерттеу нәтижелері бойынша психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін үйымда есепте тұрған (немесе тұрмадын) адамдарды және организмінде психикаға белсенді әсер ететін заттар алмасу өнімдері бар адамдарды

басқаруға жіберу туралы мәселені қайта медициналық қарап-тексеру мерзімін кемінде бір жылдан кейін міндетті тұрде көрсете отырып, психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін үйымдардың дәрігерлік-консультациялық комиссиялары шешеді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 07.12.2021 № ҚР ДСМ-125 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Үміткерлердің басқаруға жарамдылығы туралы қорытындыны әрбір маман өзінің бейіні бойынша жеке ұсынады.

10. Көлік қуралын басқаруға жарамды деп танылған адамдарға Анықтама беріледі.

Көзілдірікпен басқаруға жарамды деп танылған адамдарға анықтамада "Қорытынды" деген сөзден кейін "Көзілдірік міндетті" деген белгі жасалады.

## 2-параграф. Қайта медициналық қарап-тексеруден өткізу тәртібі

11. Қайта медициналық-тексеру өткізу мынадай адамдардың контингенті үшін жүргізіледі:

1) жолаушыларды және қауіпті жүктөрді тасымалдауды орындайтын механикалық көлік қуралдарының жүргізушилері;

2) алпыс бес жасқа толған механикалық көлік қуралдарының жүргізушилері;

3) мугедектігі бар жүргізушилер;

4) механикалық көлік қуралдарын мас күйінде басқарғаны үшін немесе механикалық көлік қуралын басқаруды осындағы күйдегі адамға бергені үшін немесе жүргізушинің мас күйінде болуын анықтау үшін медициналық куәландарудан өтуден жалтарғаны үшін жүргізу құқығынан айырылған адамдар жатады.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 02.05.2024 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Жүргізушилердің қайта медициналық-тексеруден өту мерзімі "Жол журісі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабының 5-тармағында көзделген.

З-тaraу. Көлік құралын басқаруға рұқсат беру туралы анықтама беру тәртібі

13. "Көлік құралын басқаруға рұқсат алу туралы анықтама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті беруші көрсетеді.

14. Мемлекеттік қызмет көрсетуді ұсыну тәсілдерін, мерзімін, нысанын және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін қамтитын "Көлік құралын басқаруға рұқсат алу туралы анықтама беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 1-косымшаға сәйкес "Көлік құралын басқаруға рұқсат алу туралы анықтама беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі - Тізбе) келтірілген.

Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган осы Қағидалар бекітілген немесе өзгертулған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оларды жаңартады және денсаулық сақтау субъектілеріне, "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторына және Бірынғай байланыс орталығына жібереді.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 02.05.2024 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

15. Құжаттарды қабылдау көрсетілетін қызметті беруші (медициналық үйымдар) арқылы жүзеге асырылады, ал мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.

Өтінімді электрондық түрде берген кезде жеке басты куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші порталда тіркелген пайдаланушының үзілісінде арқылы үсінілған құжат иесінің келісімімен порталдың хабарламасына жауап ретінде бір реттік пароль беру немесе қысқа мәтіндік хабарлама жіберу жолымен іске асырылған интеграция арқылы цифровық құжаттар сервисінен алады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық форматта алу үшін көрсетілетін қызметті алушы порталда электрондық-цифровық қолтаңбамен (бұдан әрі - ЭЦК) қол қойылған мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға сурау салуды қалыптастырады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының "Жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы Тізбенің 8-тармағында көзделген құжаттарды берген кезде "Жеке кабинетке" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ қол қойылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру күнінің белгіленуі туралы хабарлама не электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы Тізбенің 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық пакетін ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттар, анық емес мәліметтерді ұсынған жағдайларда, көрсетілетін қызметті беруші Тізбенің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту түрінде бас тартады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 02.05.2024 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15-1. Дербес медициналық деректерді шет мемлекеттердің аумағына трансшекаралық беру "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Занының 16-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, көрсетілетін қызметті алушының келісімімен осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. Қағида 15-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 18.10.2022 № ҚР ДСМ-117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін мынадай негіздер:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтауы;

2) көрсетілетін қызметті алушының Тізбенің 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық пакетін ұсынбауы және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынуы;

3) Қағидаларға сәйкес медициналық қарап-тексерудің теріс қорытындысы;

4) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Занының 8-бабына сәйкес ұсынылатын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту көрсетілетін қызметті беруші басшысының немесе оның міндетін атқаруышы тұлғаның қолы қойылған, бас тарту негізі көрсетілген хатпен ресімделеді.

Ескерту. 16-тармак жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 02.05.2024 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуі қамтамасыз етеді.

18. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары Нұр-Сұлтан қаласының денсаулық сақтау басқармасының, Алматы, Түркістан облысының қоғамдық денсаулық сақтау басқармаларының, облыстардың, Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармаларының, сондай-ақ медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымдардың интернет-ресурстарында орналастырылады.

4-тaraу. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

Ескерту. 4-тaraу жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 07.12.2021 № ҚР ДСМ-125 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың қызметкерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

20. "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 25-бабының 2) тармағына сәйкес тікелей мемлекеттік қызметті көрсететін көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен өтініш берушінің шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

21. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органының атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны бойынша алуға болады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды сотқа дейінгі тәртіппен қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті берушіге беріледі.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

"Көлік құралдарын басқару  
құқығын алуға үміткер адамды  
медициналық қарап-тексеруден,  
механикалық көлік құралдары  
жүргізуісін қайта  
медициналық қарап-тексеруден  
өткізу қағидаларын бекіту  
туралы" қағидаларына  
1-қосымша

"Көлік құралын басқаруға рұқсат алу туралы анықтама беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

Ескерту. 1-косымша жана редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 02.05.2024 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Көлік құралын басқаруға рұқсат алу туралы анықтама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Медициналық ұйымдар (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші)
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің ұсыну тәсілдері	портал
3	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің мерзімі	портал арқылы – құжатты тапсырған сәттен бастап 30 (отыз) минуттан аспайды.
4	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі	"Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандығы № ҚР ДСМ-175/2020 <u>бұйрығымен</u> (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген № 073/е нысаны бойынша берілген көлік құралын басқаруға рұқсат алу туралы медициналық анықтама не осы Тізбенің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
6	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан	Ақылы негізде, мемлекеттік қызмет көрсету құны "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің <u>202-бабына</u> сәйкес айқындалады.

	Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	
7	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	<p>1) көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес сенбі, жексенбі және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін. Бұл ретте әрбір көрсетілетін қызметті беруші жұмыс берушімен Еңбек кодексінің 63-бабына сәйкес еңбек тәртібі қағидаларына сәйкес жұмыс режимін бекітеді;</p> <p>2) порталда - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p>
8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	электрондық сұрау салу нысанындағы өтініш. Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиисті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.
9	Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер	<p>1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігінің анықтауы;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының осы мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көзделген тізбеле сәйкес құжаттардың толық пакетін ұсынбауы және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынуы;</p> <p>3) Қағидаларға сәйкес медициналық қарап-тексерудің теріс</p>

		<p>корытындысы;</p> <p>4) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетеу үшін талап етілетін "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының <u>8-бабына</u> сәйкес ұсынылатын колжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы.</p>
10	Мемлекеттік қызметті көрсетеу ерекшеліктері ескеріле отырып, қойылатын өзге де талаптар	<p>073/e нысанындағы медициналық анықтаманы беру медициналық ақпараттық жүйеге енгізу және дәрігердің қол қойылған ЭЦҚ арқылы ғана электрондық форматта жүзеге асырылады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Портал арқылы толық пакетті қалыптастыру үшін көрсетілетін қызметті алушы көлік құралын басқаруға рұқсат алу туралы медициналық анықтамасын электрондық форматта қалыптастыру үшін медициналық мекемеде медициналық қарап-тексеруден өтуі қажет.</p> <p>Дене мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін пандус, шақыру түймесі, күту залы, құжаттар үлгілері бар тағандар болуы тиіс.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтерінде, сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығында мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпарат алуға мүмкіндігі бар.</p> <p style="text-align: center;">Жүктей</p>

"Келік құралдарын басқару  
 құқығын алуға уміткер адамды  
 медициналық қарап-тексеруден,  
 механикалық көлік құралдары  
 жүргізушісін қайта  
 медициналық қарап-тексеруден  
 өткізу қағидаларын бекіту  
 туралы" қағидаларына  
 2-қосымша

Ескерту. Қағида 2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 18.10.2022 № ҚР ДСМ-117 (алғашкы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен сон қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## Көрсетілетін қызметті алушының дербес медициналық деректерді трансшекаралық беруге келісімі

Мен \_\_\_\_\_ кол жеткізуге келісім беремін Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқаруышының 2020 жылғы 30 қазандығы № ҚР ДСМ-172/2020 "Көлік құралдарын басқару құқығын алуға үміткер адамдарды медициналық қарап-тексеруден, механикалық көлік құралдары жүргізушісін қайта медициналық қарап-тексеруден өткізу қағидаларын бекіту туралы" бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21557 болып тіркелген) Қазақстан Республикасының "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Занының 8-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қызметтер:

- 1) дербес деректерді үшінші тұлғаларға беру;
- 2) дербес деректерді өндөу процесінде оларды трансшекаралық беруді қамтиды;
- 3) дербес деректерді жалпыға қолжетімді көздерде таратуды қамтиды.

Ұсынылатын құжаттардың дұрыстығын раставу үшін талап етілетін өзге де мәліметтерді қамтитын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісемін.

Осы Келісім Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алғанға дейін барлық кезең ішінде қолданылады.

Қолы \_\_\_\_\_ тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) )

"\_\_\_" \_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_